




ҚАУЛЫ

18 ақпан 2026 жыл
Қарауыл ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 32
село Караул

«Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесіне жария сервитут белгілеу туралы.




Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 17 бабының 5-1) тармағын, 67, 69 баптарын, 71-1 бабын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы 27 қаңтардағы № ЗТ-2026-00318272 санды Абай ауданының әкіміне жазған өтінішінің және қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 3644-ЕЛ лицензиясының негізінде, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Абай облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылдық округіне қарасты аудандық жер қорындағы бос жерден жалпы көлемі 790,7015 га жер учаскесіне қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған жұмыстарын жүргізу үшін 2031 жылдың 24 қыркүйегіне дейін уақытша жария сервитут белгіленсін.
2. Барлау жұмыстары жер учаскесінің топырақ қабатын бұзумен байланысты жүргізілген жағдайда, «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей барлау жөніндегі операциялардың салдарын жоюды аяқтауға міндеттелсін.
3. Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін жария сервитут белгіленген жағдайда, көзделген төлемақыны төлеу және (немесе) көзделген залалдарды өтеу тиісті жер қойнауын пайдаланушы есебінен жүргізілсін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д.Амангелдинге жүктелсін.

Аудан әкімі



 М.Смагулов

000167